


Альдегидтер мен спирттер

(Алифатты қатардың қосылыстары) Микроб жасушасының протоплазмасын сусыздандырып, ақуызды коагуляциялап, микроорганизмдерді жояды.



Spiritus aethylicus-Этил спирті

Этил спирті (Б):95% спирт хирургиялық инструменттерді дезинфекциялау үшін,70% спирт операциялық аланды және хирургтардың қолын жуу үшін,40% спирт компресс жасау үшін тағайындалады.



Solutio Formaldehydi-Формальдегид ерітіндісі

(Официнальды 7% ерітіндісі формалин деп аталады): -күшті антисептикалық, илеуіш және иіссіздендіретін әсері бар. 0,5% ерітіндісі құрал жабдықтарды зарарсыздандыру үшін, 0,5-1% ерітіндісі аяқ тершеңдігінде аяқ терісін жуу үшін қолданылады. Тершеңдікте **Формагель** қолданылады. Формальдегид ерітіндісі вакциналар, сарысулар мен анатомиялық препараттарды консервілеу үшін қолданылады.



Гексаметилентетрамин (Уротропин)

Бактериостатикалық әсері ұлпалардың қабынуы кезінде, қышқыл ортада формальдегидтің түзілуінен ыдырауымен байланысты. Ішке және несеп шығару жолдарының жұқпалы ауруларында қолданылады.

